

Батпенова Г.Р., Круглова Л.С., Туир Г.З., Алгазина Т.О.
авторлар тобы әзірлеген «Псориаз» оқу құралына

РЕЦЕНЗИЯ

Бұл оқу құралы псориаз ауруының эпидемиологиясынан бастап қазіргі таңда жаңаша қолданысқа енген терапиялар туралы жазылған. Яғни қазіргі уақытта псориаз ауруының емі үшін қолданылатын қабынуға қарсы жүйелік терапия, сыртқы терапия, фототерапия, лазерлік терапиялар туралы толық мағлұматтар камтылған.

Сонымен қатар гендік-инженерлік биологиялық препараттардың қолданылуы және оларды таңдау мен тиімділігі жайлы нақты жазылған. Соңғы жылдары гендік-инженерлік препараттар кеңінен қолданылып келе жатыр. Олар иммундық жүйенің ақуыздарына (цитокиндер), мысалы- ФНО антиденелеріне, интерлейкин 12/23, интерлейкин 17-ге бұғаттау механизмін жүргізу арқылы, патологиялық процесстің нақты себебіне әсер етеді. Нәтижесінде науқастарының өмір сүру сапасы жақсарып, ұзақ ремиссияға қол жеткізе алады.

Псориазбен ауыратын әйелдердің көпшілігі бала туу жасындағы әйелдер. Жүктілік кезінде пациенттердің 22%-да жүктілік басталғанға дейін болған псориаз белсенділігі сақталады, ал кейбір 23% пациенттерде ауру күшейеді. Ұрық үшін ықтимал қауіптер туралы айтатын болсақ, ең алдымен терапияның фонында тератогендік әсер мен түсік түсіру жиілігі бағаланады. Қорытындылай келе, осы оқулықта псориазбен ауыратын әйелдердегі жүктілік кезеңіндегі өзгерістерден бастап, аурудың ұрыққа әсері және толықтай емі туралы жазылған.

Бұл оқу құралы псориаз ауруы туралы мағлұматты толық қамтыған және барлық өзекті сұрақтар мен мәселелерді жан-жақты қарастырған. Псориаз ауруы ағзаны жүйелі түрде зақымдағандықтан, бұл оқулықта аурудың жүйелік әсер ету механизмдерімен таныса аласыздар. Сондай ақ әр тараудан соң қолданылған әдебиеттер негізделе отырып жазылған.

Бұл оқу құралы жоғары медициналық оқу орнының резиденттеріне, дәрігер дерматовенерологтарға, жалпы тәжірибелік дәрігерлерге, және ревматологтарға псориаз ауырымен толық деңгейде танысуына мүмкіндік береді.

Қазақ-Ресей Медициналық Университеті,
дерматовенерология кафедрасының меңгерушісі,
М.Г.К.

